3. Желатинді капсулаларды алу әдістері: батыру, пресстеу, тамшылату. Қолданылатын құрал-жабдықтар, оның құрылысы мен жұмыс істеу принципі.
4. Желатинді капсулаларды дәрілік затпен толтыру. Аппаратура.
5. Медициналық желатинді капсулалардың сапасын бағалау, қолданылатын аспаптар.
6. Медициналық желатинді капсулаларды бөлшектеу мен орамдау. Ұсынылатын орауыштардың түрлері және материалдары. Қолданылатын машиналар мен автоматтар, олардың құрылысы мен жұмыс істеу принципі.
7. Медициналық жұмсақ және қатты желатинді капсулалар түрде шығарылатын дәрілік заттардың номенклатурасы.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 19 беті	

8. Медициналық желатинді капсулалар өндірісінің даму перспективалары. Ректалды және вагиналды капсулалар, ректиолалар.
9. Микрокапсулалар. Микрокапсулалау, оның мақсаттары, қолданылатын әдістер мен тәсілдері. Пайдаланатын құрал-жабдықтар.
10. Микрокапсулалар өндірісінде қолдануға рұқсат етілген көмекші заттардың ассортименті.
11. Микрокапсулалардан жасалған ДТ-лер: капсулалар, таблеткалар, суспензиялар, суппозиторийлер, жағар майлар.\
12. Әсері ұзартылған дәрілік түрлер. Микрокапсулаланған препараттар технологиясының даму перспективалары.

БІЛІМ АЛУШЫТЕРДІҢ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

Теориялық білімін бекіту үшін білім алушытер протокол мен регламентті жазып келесі тапсырмаларды орындау тиіс:

Тапсырма 1. Кастор майымен толтырылған батыру әдіспен жасалған жұмсақ желатинді капсулалардың өндірісіне лабораториялық регламент құрастыру. Барлық қажетті заттардың мөлшерін есептеу

Тапсырма 2. Желатинді капсулаларды дайындап, оладың сапасын бағалау. Дайын өнімді орамдап безендіру.

Тапсырма 3. Материалдық балансты құрастырып шығын коэффициентін, технологиялық шығымын және технологиялық шығынын есептеу.

5. Оқыту және оқыту әдістері: білім алушытердің білімін бақылау (бастапқы деңгейін, материалды бекіту дәрежесі), зертханалық жұмысы, тест тапсырмаларын орындау, протоколды (зертханалық регламентті) жазу және қорғау.

6. Бағалау әдістері: ауызша жауап,мылқау картамен жұмыс, зертханалық жұмысты орындау, ситуациялық есептерді шығару, тест тапсырмаларын орындау.

7. Әдебиет:

негізгі:

негізгі:

1. Гаврилов, А. С. Фармацевтическая технология. Изготовление лекарственных препаратов [Текст] : учебник / А. С. Гаврилов. - 2-е изд., перераб. ; - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 760 с.
2. Сағындықова, Б. А. Дәрілердің дәріханалық технологиясы [Мәтін] : оқулық / Б. А. Сағындықова, Р. М. Анарбаева. - Алматы : Medet Group, 2021
3. Сағындықова, Б. А. Биофармация және дәрілік препараттарды биофармацевттік зерттеу : оқу құралы / - Қарағанды : Medet Group, 2021. - 172 б
4. Сағындықова, Б. А., Анарбаева Р.М. Дәрілердің дәріханалық технологиясы: оқулық. - Алматы: Medet Group, 2021
5. Производство лекарственных средств. Химическая технология от R&D до производства : учебное пособие / пер с англ. Д. Дж. ам Энде [и др.], ред. В. В. Береговых. - СПб : ЦОП Профессия, 2015. - 1280 с. : ил.
6. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т. 1 : учебник: в 2-х томах / под ред. И. И. Краснюка [и др.]. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2020. - 352 с. : ил.
7. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т. 2 : учебник: в 2-х томах / под ред. И. И. Краснюка [и др.]. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2022. - 448 с. : ил.

қосымша:

OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 20 беті	

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік фармакопеясы. Т. 3 : монография / Алматы : Жібек жолы, 2014. - 864 бет. С
2. Государственная фармакопея Республики Казахстан. Т. 3 [Текст] : монография / М-во здравоохранения РК. - 3-е изд. ; Утв. приказом М-ва здравоохранения РК. - Алматы : Изд. дом "Жибек жолы", 2014. - 872 с.
3. Лойд, В. Аллен. Фармацевтическая технология. Изготовление лекарственных препаратов: учеб. пособие М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014
4. Л.Дж.ам Энде Производство лекарственных средств. Химическая технология от R&D до производства: пер. с англ./Д.Дж. Ам Энде и др.; под ред. В.В.Береговых.-СПб.: ЦОП "Профессия", 2015.-1280с., ил.
5. Сағындықова Б.А., Торланова Б.О., Қыдыралиев Б.С. «Биофармация және фармакокинетика элементтері» - Шымкент. – 2007. – 48 б.

8. БАҚЫЛАУ

Ситуациялық есептер:

1. Желатинді капсулаларды сапасы қалай өзгереді, егер оларды батыру әдіспен қалыптау кезінде массаның регламентте көрсетілген температурасын төмендетсе (жоғарлатса)?
2. Қатты желатинді капсулалар дайындалған. Олардың қабырғалары жіңішке және сыңғыш. Олардың өндірісінде технологиялық процесстің қандай сатысында тәртіптік талаптар сақталмаған? Қандай қателер болды?
3. Жұмсақ желатинді капсулалар дайындалған. Олардың қабырғаларында ауа көпіршіктері, бөгде механикалық қоспалары байқалды, беткейі тегіс емес болды. Олардың өндірісінде технологиялық процесстің қандай сатысында тәртіптік талаптар сақталмаған? Осы құбылыстар қандай қателерді көрсетеді?
4. Желатинді капсулалардың ыдырағыштығын анықтаған кезде сулы ерітінді лайқа болды және жағымсыз иіс байқалды. Технологияда қандай қателер болды?

Бақылау сұрақтары:

1. Капсулаларға ДТ ретінде және құты ретінде анықтамасын беріңіз. Медициналық капсулалардың жалпы сипаттамасын беріңіз. Олардың артықшылықтары мен кемшіліктері неде?
2. Желатинді капсулалар қалай жіктеледі? Оларға сипаттама беріңіз.
3. Желатинді капсулалардың өндірісінде қандай көмекші заттар қолданылады?
4. Желатинді капсулалардың әр түрі қандай әдістермен дайындалады?
5. Желатинді суда еріту кезінде температуралық режимін бұзу капсулалардың қандай қасиеттеріне әсер етеді? Желатинді масса қандай тәсілдерімен дайындалады? Қандай жағдайларда сол тәсілдері қолданылады?
6. Желатинді капсулаларды батыру әдісімен дайындаудың ерекшеліктері неде? Қандай мақсатпен желатинді масса ұзақ уақыт бойынша тұндырып қойылады?
7. Жұмсақ және қатты желатинді капсулаларды дайындау технологиясы қалай ерекшелінеді? Қандай машиналар қолданылады? Олардың құрылысы мен жұмыс істеу принципі неде?
8. Жұмсақ және қатты желатинді капсулаларды толтыру және дәнекерлеу операциялары қалай ерекшелінеді? Қандай машиналар мен автоматтар қолданылады? Бракераж қалай жүргізіледі?
9. Жарамсыз жұмсақ және қатты желатинді капсулалардың регенерациясы қалай жүргізіледі?
10. Желатинді капсулалардың өндірісінде қандай консерваттар қолданылады?
11. Желатинді капсулаларды пресстеу әдісімен дайындаудың ерекшеліктері неде? Қандай құрал-жабдықтар қолданылады? Оның құрылысы мен жұмыс істеу принципі неде?
12. Желатинді капсулаларды тамшылату әдісімен дайындаудың ерекшеліктері неде? Қандай автомат қолданылады? Оның құрылысы мен жұмыс істеу принципі неде?

OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 21 беті

13. Ішекте еритiң желатиндi капсулаларды дайындау үшiн қандай көмекшi заттар қолданылады?
14. Медициналық желатиндi капсулаларға қандай талаптар қойылады? Олардың сапасын бағалауы қандай көрсеткiштер бойынша жүргiзiледi? Қандай аспаптар қолданылады?
15. Капсуладағы дәрiлiк заттың дәл дозалануын қалай тексередi?
16. Қатты және жұмсақ капсулалар қабықшаларының қалыңдығын қалай анықтайды?
17. Капсулалардың механикалық берiктiгiн қалай тексередi?
18. Капсулалардың ыдырағыштығын қалай тексередi?
19. Капсулаларды қалай орамдайды? Қандай автоматтарда?
20. Микрокапсулалаудың анықтамасын және микрокапсулалардың толық сипаттамасын берiңiз. Микрокапсулалардың артықшылықтары мен кемшiлiктерi неде? Олар қандай ДТ-лер ретiнде шығарылады?
21. Микрокапсулалар қандай әдiстер мен тәсiлдер арқылы жасалынады?
22. Микрокапсулалаудың физикалық әдiсi қандай тәсiлдерiмен iске асырылады? Қандай құрал-жабдықтар ол үшiн қолданылады?
23. Микрокапсулалаудың физика-химиялық әдiсi қандай тәсiлдерiмен iске асырылады? Қандай құрал-жабдықтар ол үшiн қолданылады? Микрокапсулаларды жай коацервация арқылы дайындағанда қандай көмекшi заттар қолданылады?
24. Микрокапсулалаудың химиялық әдiсi қандай тәсiлдерiмен iске асырылады? Қандай құрал-жабдықтар ол үшiн қолданылады?
25. Ұшқыш ерiткiштi аластату арқылы дайындағанда микрокапсулалардың өлшемдерiне қандай технологиялық факторлар әсер етедi?
26. Микрокапсулалардағы дәрiлiк заттардың биологиялық тиiмдiлiгiне қандай факторлар әсер етедi?
27. Микрокапсулаланған дәрiлiк заттарды қандай ДТ-лерде шығару тиiмдi болады?
28. Микрокапсулалардың сапасын қандай көрсеткiштерi бойынша бағалайды?
29. Микрокапсулаланған препараттар технологиясының даму перспективалары қандай?

Тест тапсырмалары:

1. Желатиндi капсулаларды дайындау тәсiлдерiнiң бiрi -
 - A) пресстеу
 - B) домалату
 - C) қабаттау
 - D) қалыптау
 - E) құю
2. Желатиндi капсулаларды дайындау тәсiлдерiнiң бiрi -
 - A) домалату
 - B) қабаттау
 - C) қалыптау
 - D) құю
 - E) батыру
3. Желатиндi капсулаларды дайындау тәсiлдерiнiң бiрi -
 - A) тамшылату
 - B) домалату
 - C) қабаттау
 - D) қалыптау
 - E) құю
4. Желатиндi капсулалардың сапасына ... әсер етедi.



- A) желатин, глицерин және судың қатынасы
 B) қосылған консерванттардың мөлшері
 C) қосылатын судың температурасы
 D) бөлмендегі жарықтық дәріжісін
 E) аппараттың ішіндегі қысым
5. Капсулаларды тамшылату әдісімен жасағанда ... ерекше маңызы бар.
 A) желатинді массаның және капсуланатын майлы ерітіндінің тұтқырлығы мен тығыздығының
 B) ұнтақ тәріздес заттардың сусымалдылығының
 C) капсуланатын препараттың мөлшерінің
 D) консерванттар мөлшерінің және табиғатының
 E) антиоксиданттарды қосудың
7. Тамшылату арқылы капсулаларды алу үшін ... қолданылады.
 A) "Globex" машинасы
 B) "Артура-Колтона" машинасы
 C) "Servac-200 S" автоматы
 D) "Драйкота" машинасы
 E) шпреди́нг-машинасы
8. Батыру арқылы капсулаларды алу үшін ... қолданылады
 A) "Артура-Колтона" машинасы
 B) "Драйкота" машинасы
 C) "Globex" машинасы
 D) "Servac-200 S" автоматы
 E) шпреди́нг-машинасы
9. "Globex" машинасы ... қолданылады.
 A) тамшылату арқылы жартылай жұмсақ капсулаларды алу
 B) пресстеу арқылы жартылай қатты капсулаларды алу
 C) батыру арқылы жұмсақ капсулаларды алу
 D) пластырь массасын матаның бетіне жағу
 E) батыру арқылы қақпағы бар қатты капсуланы алу
10. "Артура-Колтона" машинасы ... қолданылады.
 A) тамшылату арқылы жартылай жұмсақ капсулаларды алу
 B) пресстеу арқылы жартылай қатты капсулаларды алу
 C) батыру арқылы жұмсақ капсулаларды алу
 D) пластырь массасын матаның бетіне жағу
 E) суппозиторийлерді қую арқылы алу

Сабақ № 6

1. Тақырыбы: Стрептоцид және бальзамдық линименттерін дайындау. Эмульсиялық негізде комбинирленген қарапайым күкірт жағар майын дайындау. Жағар майдың сапасын бағалау

2. Мақсаты: Теориялық материалдарды оқу негізінде және практикалық тапсырмаларды орындау барысында, линименттер мен жағар майлар алудың технологиялық процесін үйрену.

3. Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі керек:

- жақпамай, линименттерді, сондай-ақ эмульсиялар мен суспензияларды дәрілік түр ретінде анықтау, олардың мақсаты (қолданылуы) бойынша, дисперсті жүйелер типі бойынша, сондай-ақ негіздің табиғатына байланысты сыныпталуы;

OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 23 беті	

- сыртқы және ішкі қолдануға арналған жақпамайларға, линименттерге, эмульсиялар мен суспензияларға қойылатын талаптар;
- жақпамай, линимент, эмульсия және суспензия өндірісінде қолданылатын негізгі аппараттар, олардың құрылысы және жұмыс істеу принципі;
- жақпамай, линимент, эмульсия және суспензия сапасының негізгі көрсеткіштері;
- майларды биофармацевтикалық бағалау;
- линименттерді, жақпамайларды буып-түю және буып-түю, қолданылатын жабдық және буып-түю түрлері.

Білім алушы істей білуі керек:

- жұмсақ дәрілік түрлерді (жақпамай, линименттер, эмульсиялар және суспензиялар) алу үшін негізгі және қосалқы ингредиенттердің мөлшерін есептеу;
- жақпамай, линименттерді алу үшін технологиялық және аппаратуралық схема жасау;
- берілген жұмсақ дәрілік форманы дайындау, стандарттау, оның сапасын бағалау және оны дұрыс орамдап, безендіру.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

негізгі білімдер бойынша:

1. Эмульсиялар және суспензия туралы түсінік.
2. Эмульгаторлар. Жіктелуі. Жұмыс істеу принциптері.
3. Суспензия жасау әдісі. Дерягин әдісі.
4. Эмульсиялар дайындау және олардың тұрақтылығын сақтау.

сабақтың тақырыбы бойынша:

1. Жағар майлар дәрілік түр ретінде. Анықтамасы. Жіктелуі. Номенклатурасы.
2. Өндіріс жағдайында қолданылатын жағар май негіздері, жіктелуі, номенклатурасы, қасиеттері. Жағар май негіздеріне қойылатын талаптар.
3. Жағар май өндірісінде қолданылатын басқа да көмекші заттар: эмульгаторлар, стабилизаторлар, консерванттар, антиоксиданттар.
4. Жағар майлар өндірісінің жалпы технологиялық схемасы.
5. Жағар майларда қолданылатын негізгі қондырғылар, құрылысы мен жұмыс істеу принциптері.
6. Гомогенді, суспензиялық, эмульсиялық және құрама жағар майлардың дайындау ерекшеліктері.
7. Стандарттау және сапасын бағалау: негізгі көрсеткіштер, қолданылатын әдістер мен қондырғылар.
8. Жағар майларды орамдап, безендіру, қолданылатын қондырғылар, жағар майларға қолданылатын орамдау материалдары.
9. Жағар майлардың жетілдірілген түрлері: дерматологиялық, стоматологиялық қабықшалар, жағар май-каламдары, “Құрғақ концентрат” жағар майлар.
10. Линименттер дәрілік түр ретінде. Анықтамасы. Жіктелуі. Номенклатурасы.
11. Өндіріс жағдайында дайындалатын линименттерге қолданылатын негіздер, олардың жіктелуі, номенклатурасы, құрамы, қойылатын талаптар. Жағар май өндірісінде қолданылатын басқа да көмекші заттар: эмульгаторлар, стабилизаторлар, консерванттар, антиоксиданттар.
12. Линименттер өндірісінің жалпы технологиялық схемасы.
13. Линименттер, эмульсиялар, суспензиялар өндірісінде қолданылатын негізгі аппараттар, олардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері:
 - а) механикалық араластыруда қолданылатын араластырғыштар типтері;
 - б) сұйық ортада майдалауға арналған коллоидты диірмендер;
 - в) УД диспергирлеуге арналған сәулелендіргіштер.

OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 24 беті	

14. Эмульсиялар мен суспензиялар ішке және парентеральді қолданылатын дәрілік түр ретінде. Оларға қойылатын талаптар. Эмульсиялар мен суспензиялардың тұрақтылығын қамтамасыз ету.

15. Линименттерді, эмульсияларды, суспензияларды стандарттау және сапасын бағалау: негізгі көрсеткіштер, қолданылатын әдістер мен қондырғылар.

16. Линименттерді орамдап, безендіру, қолданылатын қондырғылар, линименттерге арналған орауыштардың түрлері мен материалдары.

БІЛІМ АЛУШЫТЕРДІҢ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

Теориялық білімін бекіту үшін білім алушытер протокол мен регламентті жазып келесі тапсырмаларды орындау тиіс:

Тапсырма 1. Төменде көрсетілген препараттардың біреуіне зертханалық регламент құрастырыңыз:

- 10% нафталан жанар май линименті;
- 5% стрептоцид линименті;
- 1, 5, 10% синтомицин линименті;
- Вишневский бальзамды линиментін.

Тапсырма 2. Линименттер дайындау және сапасын анықтау: термотұрақтылығын, қатты фаза өлшемдерін, сулы сығындының рН анықтау. Дайын өнімді орамдап безендіру, оқытушыға тапсыру. Шығын коэффициентінің шығының, шығысын есептеу, материалдық баланс құрастыру. Оқытушыға регламентке қол қойғызу.

Тапсырма 3. 20-30 г суспензиялық жағар май дайындау үшін зертханалық регламент құрастыру.

- мырыш тотығы;

- қарапайым күкірт.

Тапсырма 4. Дисперстілік дәрежесін анықтау және тексеру. Дайын өнімді орамдап безендіру, оқытушыға тапсыру. Шығын коэффициентінің шығының, шығысын есептеу, материалдық баланс құрастыру.

(Руководство к лабораторным занятиям по заводской технологии лекарственных форм. Под ред. А.И. Тенцовой. Лабораторная работа № 29 стр. 215).

5. Оқыту және оқыту әдістері: білім алушытердің білімін бақылау (бастапқы деңгейін, материалды бекіту дәрежесі), зертханалық жұмысы, тест тапсырмаларын орындау, протоколды (зертханалық регламентті) жазу және қорғау.

6. Бағалау әдістері: ауызша жауап, мылқау картамен жұмыс, зертханалық жұмысты орындау, ситуациялық есептерді шығару, тест тапсырмаларын орындау.

7. Әдебиет:

негізгі:

негізгі:

1. Гаврилов, А. С. Фармацевтическая технология. Изготовление лекарственных препаратов [Текст] : учебник / А. С. Гаврилов. - 2-е изд., перераб. ; - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 760 с.
2. Сағындықова, Б. А. Дәрілердің дәріханалық технологиясы [Мәтін] : оқулық / Б. А. Сағындықова, Р. М. Анарбаева. - Алматы : Medet Group, 2021
3. Сағындықова, Б. А. Биофармация және дәрілік препараттарды биофармацевттік зерттеу : оқу құралы / - Қарағанды : Medet Group, 2021. - 172 б
4. Сағындықова, Б. А., Анарбаева Р.М. Дәрілердің дәріханалық технологиясы: оқулық. - Алматы: Medet Group, 2021

OŃTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 25 беті	

5. Производство лекарственных средств. Химическая технология от R&D до производства : учебное пособие / пер с англ. Д. Дж. ам Энде [и др.], ред. В. В. Береговых. - СПб : ЦОП Профессия, 2015. - 1280 с. : ил.
6. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т. 1 : учебник: в 2-х томах / под ред. И. И. Краснюка [и др.]. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2020. - 352 с. : ил.
7. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т. 2 : учебник: в 2-х томах / под ред. И. И. Краснюка [и др.]. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2022. - 448 с. : ил.

қосымша:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік фармакопеясы. Т. 3 : монография / Алматы : Жібек жолы, 2014. - 864 бет. С
2. Государственная фармакопея Республики Казахстан. Т. 3 [Текст] : монография / М-во здравоохранения РК. - 3-е изд. ; Утв. приказом М-ва здравоохранения РК. - Алматы : Изд. дом "Жибек жолы", 2014. - 872 с.
3. Лойд, В. Аллен. Фармацевтическая технология. Изготовление лекарственных препаратов: учеб. пособие М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014
4. Л.Дж.ам Энде Производство лекарственных средств. Химическая технология от R&D до производства: пер. с англ./Д.Дж. Ам Энде и др.; под ред. В.В.Береговых.-СПб.: ЦОП "Профессия", 2015.-1280с., ил.
5. Сағындықова Б.А., Торланова Б.О., Қыдыралиев Б.С. «Биофармация және фармакокинетика элементтері» - Шымкент. – 2007. – 48 б.

8. БАҚЫЛАУ

Бақылау сұрақтары:

1. Жағар майларға дәрілік түр ретінде сипаттама беріңіздер. Олардың артықшылықтары мен кемшіліктері. Жіктелуі. Жағар майларға қойылатын талаптар.
2. Жағар майларды өнеркәсіпте өндіру кезінде қандай қосымша заттар қолданылады? Негіздер мен жағар майларды алу үшін қандай ПАВ қолданылады?
3. Жағар май негіздері қалай жіктеледі? Қысқаша сипаттама беріңіздер.
4. Жағар майлар өндірісінің жалпы технологиялық схемасы. Негізгі сатылары мен операциялары.
5. Жағар майларды қандай көрсеткіштері бойынша стандарттайды? Қандай қондырғылар қолданылады?
6. Жағар майларды қандай көрсеткіштері бойынша стандарттайды? Қандай қондырғылар қолданылады?
7. Жағар майлардың сақталуы. Өндіріс жағдайында дайындалатын жағар майлар номенклатурасы.
8. Жағар майлардың жетілдірілген түрлері: дерматологиялық, стоматологиялық қабықшалар, жағар май-қаламдары, “Құрғақ концентрат” жағар майлар.
9. Линименттердің дәрілік түр ретінде анықтамасы. Жіктелуі. Номенклатурасы.
10. Фармацевтік өндірісте суспензиялар мен эмульсияларды қандай әдістермен алады?
11. Ашық және жабық түрдегі турбиналы араластырғыштардың құрылысы және жұмыс істеу принципі қандай?
12. Коллойдты диірмендердің құрылысы және жұмыс істеу принципі қандай?
13. РПА құрылысы және жұмыс істеу принципі қандай?



14. Ультрадыбыстық сәулелендіруге арналған қондырғылар және жұмыс істеу принциптері қандай? Суспензиялар мен эмульсиялар алуда компоненттерді ультрадыбыстық диспергирлеумен қалай жүзеге асырылады?

15. Суспензиялар мен эмульсиялардың терапевтік эффективтілігіне қатты фаза бөлшектерінің дисперстік дәрежесі қалай әсер етеді? Мысал келтіріңіздер.

16. Парентеральды енгізуге арналған суспензиялар мен эмульсиялардың дайындалу ерекшелігі қандай? Суспензиялар мен эмульсиялардың сақталу жағдайлары.

17. Экстремальды температурда гетерогенді дисперсті жүйелерде қандай өзгерістер болуы мүмкін? Суспензия мен эмульсиялардың сақтау жағдайларын көрсетіңіз.

Тест тапсырмалары:

1. Линименттер – бұл ... дәрілік түр.

A) теріге немесе кілегей қабатқа ысқылап жағылатын, қою сұйықтық түрде болатын, сыртқа қолдануға арналған

B) бұл дене температурасында жұмсарғыш қасиетке ие және теріге жабысатын, сыртқа қолдануға арналған

C) теріге немесе кілегейлі қабықшаға жаққан кезде тегіс, бірдей жылжымайтын пленка түзетін, сыртқа қолдануға арналған,

D) терідегі және кілегейлі қабаттағы жараны жууға арналған сұйық

E) бөлме температурасында қатты, дене температурасында балқитын, дене табиғи қуыстарына енгізу үшін қолданылатын дозаланған

2. Жағар майлар – бұл ... дәрілік түр.

A) теріге немесе кілегейлі қабатқа жаққан кезде тегіс, бірыңғай, жылжымайтын пленка түзетін, сыртқа қолдануға арналған

B) дене температурасында жұмсарғыш қасиетке ие және теріге жабысатын сыртқа қолдануға арналған

C) терідегі және кілегейлі қабаттағы жараны жууға арналған сұйық

D) теріге немесе кілегей қабатқа ысқылап жағу жолымен қолданатын, қою сұйықтық түрде болатын сыртқа қолдануға арналған

E) бөлме температурасында қатты, дене температурасында балқитын, дене табиғи қуыстарына енгізу үшін қолданылатын дозаланған

3. Гетерогенді жағар майларды негізгі стандарттау көрсеткіші

A) дисперстік дәреже

B) негіз құрамы

C) сулы сіріндінің рН

D) тұтқырлық

E) органолептикалық қасиеттері

4. Жеңіл гидролизденетін дәрілік заттары бар жағар майларды негізгі стандарттау көрсеткіші

A) сулы сіріндінің рН

B) негіз құрамы

C) біркелкілігі

D) тұтқырлық

E) органолептикалық қасиеттері

5. Жағар майларды гомогенизациялау ... көмегімен жүргізеді.

A) роторлы-пульсациялық аппарат

B) роторлы-тісті насос

C) шпрединг-машина

OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	044-48/11 2024-2025 60 беттің 27 беті
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы		

- D)* «Глобекс» машина
E) дисмембратор, дезинтегратор
6. Жағар майларды гомогенизациялау ... көмегімен жүргізеді.
- A)* үшбілікті мазетерка
B) роторлы-тісті насос
C) шпрединг-машина
D) «Глобекс» машина
E) дисмембратор, дезинтегратор
7. Жұмсақ дәрілік түрлер үшін негіздерді дайындаудың дұрыс тәсілі... .
- A)* бірінші қиын балқитын компоненттерді балқытып, содан соң жеңіл балқитын компоненттерді енгізеді
B) бірінші барлық компоненттерді араластырып, содан соң балқытады
C) бірінші әр компонентті жеке балқытып, содан соң араластырады
D) бірінші жеңіл балқитын компоненттерді балқытып, содан соң қиын балқитын компоненттерді енгізеді
E) барлық компоненттерді бөліктерге бөліп, жеке порцияларын балқытып, содан соң араластырады
8. Жағар май өндірісінде жарыққа сезімтал заттарды енгізу үшін... негіздер қолданылады.
- A)* фитостеринді
B) майлы
C) көмірсутекті
D) коллагенді
E) целлюлоза туындылары гелдерінің
9. Жағар май негізіне антибиотиктерді енгізудің рационалды тәсілі
- A)* суспензия түрінде
B) сулы ерітінді түрінде
C) негізді қыздыру арқылы
D) эмульсия түрінде
E) глицеринді ерітінді түрінде
10. Зауыттық өндірісте жағар майлар және линименттерді флакондар мен тубаларға дозалау ... тәсілмен жүргізіледі.
- A)* көлемдік
B) массалық
C) масса-көлемдік
D) тамшылы
E) аралас

Сабақ № 7

- Тақырыбы:** Суппозиторийлерді құю әдісімен дайындау (новокаинмен және т.б.) Сапасын бағалау.
- Мақсаты:** Ректалды дәрілік түрлер туралы теориялық материалдарды оқу негізінде суппозиторийлер алудың технологиялық процесіне регламентті сауатты құрастыруды үйрену, технологиялық қондырғыларды таңдау, ректалды дәрілік түрлерді дайындау және сапасын бағалау.
- Оқыту міндеттері:**
Білім алушы білуі керек:

OÑTÛSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 28 беті	

- суппозиторийлердің дәрілік түр ретінде анықтамасы, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері, оларға қойылатын талаптар;
- суппозиторийлер өндірісінің жалпы технологиялық схемасы;
- суппозиторийлерді дайындау әдістері және суппозиторийлерді дайындау және гомогенизациялау, суппозиторийлерді қалыптау және буып-түю үшін қолданылатын жабдық;
- суппозиторийлер сапасының көрсеткіштері, оларды бағалау әдістері мен әдістемелері, қолданылатын аспаптар;
- дәрілік түр ретінде суппозиторийлерді жетілдіру жолдары және ректальді дәрілік нысандардың басқа түрлері.

Білім алушы істей білуі керек:

- нормативтік-техникалық құжаттаманы пайдалану және суппозиторийлер өндірісіне регламент жасау ;
- суппозиторийлерді дайындау тәсілін таңдау;
- құю әдісімен суппозиторийлерді дайындау үшін ингредиенттердің қажетті мөлшерін есептеу;
- суппозиторийлерді құю әдісімен дайындау;
- дайын дәрілік түрдің сапасын бағалау.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары: негізгі білімдер бойынша:

- 1.Латын тілі.
- 2.Фармацевттік өндірісте қолдануға рұқсат етілген көмекші заттар. Олардың жіктелуі, номенклатурасы және сипаттамасы.

сабақтың тақырыбы бойынша:

базистік білімі:

1. Жылу процесстері: қайнату-салқындату
2. Заттардың балқу температурасын анықтау әдістері.
3. Ректальды дәрілік түр. Орауыштардың ерекшеліктері, артықшылықтары мен кемшіліктері, өндіріс жағдайындағы суппозиторийлер.
4. Өндіріс жағдайындағы суппозиторийлік негіздер, олардың жіктелуі, номенклатурасы. Оларға қойылатын талаптар.
5. Суппозиторийлер өндірісінің жалпы технологиялық схемасы: негізгі сатылары мен операциялары.
6. "Суппозиторийлік негізді дайындау" сатысы: негізгі сатылары, технологиялық құралдар мен жалпы сатыларының операциялары.
7. Гомогенизациялық суппозиторийлердің салмағы, қолданылатын құралдар, олардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері.
8. Орамасыз және орамамен "Құрамалы суппозиторийлер" сатысы, артықшылықтары мен кемшіліктері, қоладыналатын қондырғылар, оның құрылысы мен жұмыс істеу принципі. Жалпы орауыштар материалдары.
9. Суппозиторийлердің стандартизациясы: Стандартизация суппозиторийлер: жалпы көрсеткіштері, қолданылатын құралдар. Өндіріс жағдайындағы суппозиторийлердің номенклатурасы.
10. Лиофилизирленген, пресстелген ("көпіршікті"), екіқабатты және басқа да суппозиторийлер.
11. Ректальды жағар майлар мен капсулалардың өндірісі. Ректиолалар.

БІЛІМ АЛУШЫТЕРДІҢ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы		044-48/11 2024-2025 60 беттің 29 беті

Теориялық білімін бекіту үшін білім алушытер протокол мен регламентті жазып келесі тапсырмаларды орындау тиіс:

Тапсырма 1. Құю әдісімен суппозиторийлерді алу үшін зертханалық регламент құрастыру: новокаинмен, левомецитинмен, итжидек экстрактмен 10-12 дана (1 суппозиторийдің құрамы кестеде көрсетілген).

Суппозиторий атаулары	1 супп-дағы дәрілік зат массасы, г	1 супп-дағы негіздің масса, г	Майлы негіз, %			Негіздің балқу температурасы ⁰ С	Толық деф.у уақыты, мин.
			Гидро-май	парафин	Какао майы		
Новокаинмен суппозиторий	0,1	1,3	58	12	30	36-38	3-5
Левомецитинмен суппозиторий	0,1	1,95	58	12	30	36-38	3-5
Итжидек экстрактымен суппозиторий	0,015	1,4	50	20	30	39-40	6-7

Тапсырма 2. Суппозиторийлерді дайындау және сапасын бағалау. Орамдау және оқытушыға тапсыру.

Тапсырма 3. Материалдық баланс құрастыру, технико-экономикалық көрсеткіштерді есептеу.

5. Оқыту және оқыту әдістері: білім алушытердің білімін бақылау (бастапқы деңгейін, материалды бекіту дәрежесі), зертханалық жұмысы, тест тапсырмаларын орындау, протоколды (зертханалық регламентті) жазу және қорғау.

6. Бағалау әдістері: ауызша жауап, мылқау картамен жұмыс, зертханалық жұмысты орындау, ситуациялық есептерді шығару, тест тапсырмаларын орындау.

7. Әдебиет:
негізгі:

1. Гаврилов, А. С. Фармацевтическая технология. Изготовление лекарственных препаратов [Текст] : учебник / А. С. Гаврилов. - 2-е изд., перераб. ; - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 760 с.
2. Сағындықова, Б. А. Дәрілердің дәріханалық технологиясы [Мәтін] : оқулық / Б. А. Сағындықова, Р. М. Анарбаева. - Алматы : Medet Group, 2021
3. Сағындықова, Б. А. Биофармация және дәрілік препараттарды биофармацевттік зерттеу : оқу құралы / - Қарағанды : Medet Group, 2021. - 172 б
4. Сағындықова, Б. А., Анарбаева Р.М. Дәрілердің дәріханалық технологиясы: оқулық. - Алматы: Medet Group, 2021
5. Производство лекарственных средств. Химическая технология от R&D до производства : учебное пособие / пер с англ. Д. Дж. ам Энде [и др.], ред. В. В. Береговых. - СПб : ЦОП Профессия, 2015. - 1280 с. : ил.
6. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т. 1 : учебник: в 2-х томах / под ред. И. И. Краснюка [и др.]. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2020. - 352 с. : ил.
7. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т. 2 : учебник: в 2-х томах / под ред. И. И. Краснюка [и др.]. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2022. - 448 с. : ил.

OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 30 беті	

Қосымша:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік фармакопеясы. Т. 3 : монография / Алматы : Жібек жолы, 2014. - 864 бет. С
2. Государственная фармакопея Республики Казахстан. Т. 3 [Текст] : монография / М-во здравоохранения РК. - 3-е изд. ; Утв. приказом М-ва здравоохранения РК. - Алматы : Изд. дом "Жибек жолы", 2014. - 872 с.
3. Лойд, В. Аллен. Фармацевтическая технология. Изготовление лекарственных препаратов: учеб. пособие М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014
4. Л.Дж.ам Энде Производство лекарственных средств. Химическая технология от R&D до производства: пер. с англ./Д.Дж. Ам Энде и др.; под ред. В.В.Береговых.-СПб.: ЦОП "Профессия", 2015.-1280с., ил.
5. Сағындықова Б.А., Торланова Б.О., Қыдыралиев Б.С. «Биофармация және фармакокинетика элементтері» - Шымкент. – 2007. – 48 б.

8. БАҚЫЛАУ

Бақылау сұрақтары:

1. Қандай ректальды дәрілік түрді білесіңдер? Дәрілік түр ретінде суппозиторийлерге анықтама беріңіздер. Олардың артықшылықтары мен кемшіліктері. Орауыштардың қандай ерекшеліктері бар
2. Суппозиторийлердің зауыттық өндірісінде қандай негіздер қолданылады? Олар қалай жіктеледі? Номенклатурасы. Қойылатын талаптар.
3. Суппозиторийлердің өндірісінің жалпы технологиялық схемасы. Негізгі сатылары мен операциялары.
4. «Суппозиторийлік негіздер дайындау» сатысында жалпы ереже, технологиялық қондырғылар, операциялар қалай қолданылады?
5. Суппозиторийлік массаны қандай аппараттардың көмегімен гомогенизациялауға болады? Олардың құрылысы және жұмыс істеу принципі.
6. "Суппозиторийлік негізді дайындау" сатысы орамдау мен бір мезгілде қандай автоматта жүргізіледі. Оның жұмыс істеу принципі мен құрылысы. Артықшылықтары мен кемшіліктері.
7. Суппозиторийлерді стандарттау қандай көрсеткіштермен жүргізіледі? Қандай әдістер мен құралдар қолданылады? Өндіріс жағдайындағы суппозиторийлердің номенклатурасы қандай?
8. Лиофилизирленген суппозиторийлер қандай жағдайларда дайындалады?
9. Пресстелген ("көпіршікті"), суппозиторийлер қандай жағдайларда дайындалады?
10. Ректальды жағар майлар, ректальды капсулалар, ректиолдың өндірістегі ерекшелігі қандай?

Тест тапсырмалары:

1. Өндіріс жағдайында суппозиторийлерді ... әдістерімен алады.
 - A) престтеу және құю
 - B) домалату
 - C) домалақтау және қабаттандыру
 - D) қабаттандыру
 - E) тамшы
2. Суппозиторий – бұл ...
 - A) дене температурасында балқыйтын дозаланған қатты дәрілік түр.
 - B) сырт тәнге арналған, тері қабаттарына жақанда бір тегіс пленка түзуші дәрілік түр.
 - C) дене температурасында еріп теріге жабысып қалып әсер ететін дәрілік түр.
 - D) сілекей қабаттарын жууға арналған сұйық дәрілік түр.
 - E) ысқылауға арналған сұйық, қою дәрілік түр .

OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	044-48/11 2024-2025 60 беттің 31 беті
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы			

3. Суппозиторилердің біртектілігін ... арқылы тексереді.
 - A) суппозиторилерді кескенде керткітерінің болмауы
 - B) балқыу температурасы бойынша
 - C) толық дефформация уақыты бойынша
 - D) сырт көрінісі бойынша
 - E) орташа массасының ауытқуы бойынша
4. Суппозиторилердің толық дефформация уақытын анықтау үшін ... құрылғысы қолданады.
 - A) "Крувчинский"
 - B) "Айналмалы кәрзенке"
 - C) "Сарториус"
 - D) "Эрвека"
 - E) "Тербелмелі кәрзенке"
5. Суппозиторийлік массаларды гомогенизациялау үшін ... аппараты қолданылады.
 - A) роторлы-тісті насос РЗ-3А
 - B) роторлы-пульсациялық аппарат (РПА)
 - C) дискілі мазетерка
 - D) «Волчок» типті еттартқыш
 - E) үшбілікті мазетерка
6. "Франко-Креспи" машинасы өндірісте ... алу үшін қолданылады.
 - A) суппозиторлер
 - B) жағар майлар
 - C) линименттер
 - D) пластырь
 - E) капсула
7. Қалыпқа құю әдісі бойынша суппозиторилер алу үшін ... құрылғысы қолданылады.
 - A) "Servac-200 S"
 - B) "Артур-Колтон"
 - C) "Globex"
 - D) "Франко-Креспи"
 - E) шпреди́нг-машинасы
8. Қаптамасыз суппозиторилерді құю әдісімен алу үшін ... құрылғысы қолданылады.
 - A) "Франко-Креспи"
 - B) "Артур-Колтон"
 - C) "Globex"
 - D) "Servac-200 S"
 - E) шпреди́нг-машинасы

Сабақ № 8

1. Тақырыбы: Инъекциялық ерітінділер. Шыны ампулдарды толтыруға дайындау. Шыны ампуланың химиялық және термиялық төзімділігін тексеру.

2. Мақсаты: Ампулаларды толтыруға дайындау технологиялық процессін іске асыруды үйрену. Ампулалық шынының химиялық және термиялық тұрақтылығына талдау жүргізіп дұрыс қорытындыны жасауды үйрену.

3. Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі керек:

- стерильді және асептикалық дайындалған дәрілік формалардың негізгі топтары;
- парентеральді қолдануға арналған дәрілік нысандарға қойылатын талаптар; инъекциялар,

O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 32 беті

инфузиялар;

- өндірістік үй-жайлардың тазалық сыныптары және оларға қол жеткізу шарттары;
- жабдыққа, бастапқы шикізатқа, қосалқы материалдар мен персоналға қойылатын талаптар;
- медициналық шынының маркалары, ампулаларды өндіруге арналған медициналық шыныға қойылатын талаптар;
- ампулаларды толтыруға дайындау сатысының негізгі операциялары.

Білім алушы істей білуі керек:

- ампулаларды толтыруға дайындауды жүргізу: ампулаларды сыртқы және ішкі жуу, ампулаларды кептіру және стерильдеу, ампулаларды толтыру және дәнекерлеу;
- ампула шынысының жылу тұрақтылығын анықтау;
- ампула шынысының химиялық тұрақтылығын анықтау;
- фенолфталеин әдісін қолдана отырып, ампула шынысының маркаларын анықтау.
- ампула өндірісінің тиісті технологиялық схемасын жасау;
- толтырылған ампулаларды дұрыс стерильдеу және бракераж жүргізу.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

негізгі білімдер бойынша:

1. Асептика және антисептика туралы түсінік.
2. Дәріханада жағдайында стерильді және асептикалық дайындалатын ДТ-ң топтары.
3. Суды дайындау. Аквадистилляторлардың құрылысы мен жұмыс істеу принципі.

сабақтың тақырыбы бойынша:

1. Өнеркәсіптік өндіріс жағдайында стерильді және асептикалық дайындалатын ДТ-ң топтары.
2. Шаншуға арналған ДТ-р және инфузиялар. Мемлекеттік фармакопея бойынша қойылатын талаптар.
3. Құрал-жабдықтарға, бастапқы шикізатқа, көмекші заттарға және персоналға қойылған талаптар.
4. Өндірістік бөлмелерінің тазалық класстарын және оны қамтамсыз ету амалдары.
5. Медициналық шынының маркалары. Ампулаларды жасауға арналған медициналық шыныға қойылатын талаптары. Ампулалық шыны сапасының негізгі көрсеткіштері және оларды анықтау әдістемелері.
6. Ампулалық өндірістің технологиялық схемасы. Негізгі сатылары мен операциялары.
7. «Шыныдротты дайындау және ампулаларды жасау» сатының негізгі операциялары: шыныдротты калибрлеу, жуу, кептіру және орамдау. Ампулаларды жасау. Қолданылатын машиналар мен автоматтар, олардың құрылысы мен жұмыс істеу принципі.
8. «Ампулаларды толтыруға дайындау» сатының негізгі операциялары: капиллярларды ашу, ампулаларды кассетаға салу, ампулаларды күйдіру, олардың сырты мен ішін жуу, кептіру және стерильдеу, сапасын бағалау.

БІЛІМ АЛУШЫТЕРДІҢ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

Теориялық білімін бекіту үшін білім алушытер протокол мен регламентті жазып келесі тапсырмаларды орындау тиіс:

Тапсырма 1. Ампулаларды толтыруға дайындау: ампулаларды ашу, сыртын және ішін жуу, кептіру және стерильдеу.

Тапсырма 2. Ампулалық шыныға талдауды жүргізу: термиялық және химиялық тұрақтылығы бойынша ампулалық шынының маркасын анықтау. Ол үшін ампулаларды дистиллдеген сумен толтырып, капиллярларды созу арқылы дәнекерлеп, дәнекерлеудің сапасын бағалап, стерильдеуді, бракеражды жүргізіп талдауды орындайды. Алынған нәтижелер бойынша қорытынды жасау.

ÖNTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 33 беті	

Тапсырма 3. Келесі сабаққа ампулаларды дайындау: ампулалардың капиллярларын ашу, сыртын және ішін жуу, кептіру және стерильдеу, содан соң қағаз пакеттерге орамдап келесі саюаққа дейін қалдыру.

ЕСКЕРТУ: Ампулалық шынының талдауын жүргізу және басқа да жұмыстарды іске асыру үшін көлемі 1 мл ампулалар қолданылады.

ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Ампулалық шынының химиялық тұрақтылығын анықтауға арналған фенолфталеинді әдіс (Д.И.Попов және В.А.Клячкина бойынша).

Біл сирек қоладынады, себебі оның дәлдігі өте төмен.

Дайындалған ампулаларды индикатор (судың 2 мл-не 1 тамшы фенолфталеиннің 1%-тік спиртті ерітіндісі) қосылған дистилденген сумен толтырып, дәнекерлеп, 3-ке бөледі:

- 1-ші бөліктің ампулаларын 30 минут бойы 100° С температурада стерильдейді;
- 2-ші бөліктің ампулаларын 20 минубойы 120° С температурада стерильдейді;
- 3-ші бөліктің ампулаларын бақылау үшін стерильдеусіз қалдырады.

Егер ампулалық шынының маркалары НС-3 және НС-1 болса, автоклавта да стерильдегенде қызғылт түс байқалмайды. Егер осы түс 100°С температурада стерильдегенде байқалмай, автоклавтан кейін байқалса, онда осы ампулалар тұрақтылығы төмендеу НС-2 маркадағы шынынан жасалынған. Егер қызғылт бояу стерильдеудің екі жағдайында пайда болса, ампулалар АБ-1 маркадағы шыныдан жасалған болып келеді. Осындай ампулаларды тек майлы ерітінділер үшін қолдануға болады.

Ескерту: Зертханалық жұмысты орындаған кезде білім алушытер қауіпсіздік техникасының және оқу лабораторияларда жұмыс істеу ережелерін сақтауы қажет, әсіресе ампулалардың капиллярларын ашу және оларды спиртовка көмегімен дәнекерлеу кезінде.

5. Оқыту және оқыту әдістері: білім алушытердің білімін бақылау (бастапқы деңгейін, материалды бекіту дәрежесі), зертханалық жұмысы, тест тапсырмаларын орындау, протоколды (зертханалық регламентті) жазу және қорғау.

6. Бағалау әдістері: ауызша жауап, мылқау картамен жұмыс, зертханалық жұмысты орындау, ситуациялық есептерді шығару, тест тапсырмаларын орындау.

7. Әдебиет:
негізгі:

1. Гаврилов, А. С. Фармацевтическая технология. Изготовление лекарственных препаратов [Текст] : учебник / А. С. Гаврилов. - 2-е изд., перераб. ; - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 760 с.
2. Сағындықова, Б. А. Дәрілердің дәріханалық технологиясы [Мәтін] : оқулық / Б. А. Сағындықова, Р. М. Анарбаева. - Алматы : Medet Group, 2021
3. Сағындықова, Б. А. Биофармация және дәрілік препараттарды биофармацевттік зерттеу : оқу құралы / - Қарағанды : Medet Group, 2021. - 172 б
4. Сағындықова, Б. А., Анарбаева Р.М. Дәрілердің дәріханалық технологиясы: оқулық. - Алматы: Medet Group, 2021
5. Производство лекарственных средств. Химическая технология от R&D до производства : учебное пособие / пер с англ. Д. Дж. ам Энде [и др.], ред. В. В. Береговых. - СПб : ЦОП Профессия, 2015. - 1280 с. : ил.
6. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т. 1 : учебник: в 2-х томах / под ред. И. И. Краснюка [и др.]. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2020. - 352 с. : ил.

OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 34 беті

7. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т. 2 : учебник: в 2-х томах / под ред. И. И. Краснюка [и др.]. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2022. - 448 с. : ил.

қосымша:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік фармакопеясы. Т. 3 : монография / Алматы : Жібек жолы, 2014. - 864 бет. С
2. Государственная фармакопея Республики Казахстан. Т. 3 [Текст] : монография / М-во здравоохранения РК. - 3-е изд. ; Утв. приказом М-ва здравоохранения РК. - Алматы : Изд. дом "Жибек жолы", 2014. - 872 с.
3. Лойд, В. Аллен. Фармацевтическая технология. Изготовление лекарственных препаратов: учеб. пособие М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014
4. Л.Дж.ам Энде Производство лекарственных средств. Химическая технология от R&D до производства: пер. с англ./Д.Дж. Ам Энде и др.; под ред. В.В.Береговых.-СПб.: ЦОП "Профессия", 2015.-1280с., ил.
5. Сағындықова Б.А., Торланова Б.О., Қыдыралиев Б.С. «Биофармация және фармакокинетика элементтері» - Шымкент. – 2007. – 48 б.

8. БАҚЫЛАУ

Ситуациялық есептер:

1. Бір партиядан 100 ампуланың термиялық тұрақтылығын тексерген кезде 32 ампула сынып қалды. Ампулалардың термиялық тұрақтылығының төмен болу себебі неде? Оны қалай жақсартуға болады?
2. Бір партиядан 100 ампуланың химиялық тұрақтылығын тексерген кезде 30 минут бойы 120°C температурада стерильдеп болып, олардың ішіндегі судың рН мәнін анықтады. Оның өзгеруі 1,4 тең болды. Ампулалық шынының маркасын белгілеңіз
3. Бір партиядан 100 ампуланың химиялық тұрақтылығын тексерген кезде 30 минут бойы 120°C температурада стерильдеп болғанда, олардың ішіндегі су қызғыл түске боялды. Ампулалық шынының маркасын белгілеңіз

Бақылау сұрақтары:

1. Өнеркәсіптік өндіріс жағдайында стерильді және асептикалық дайындалатын ДТ-ң топтарын атап шығыңыз.
2. Шаншуға арналған ДТ-ге толық сипаттама беріңіз. Инъекциялардың түрлерін атаңыз.
3. Шаншуға арналған ДТ-ң артықшылықтары мен кемшіліктері неде?
4. Ампулалардағы шаншуға арналған ерітінділерге қандай талаптар қойылады?
5. Стерилді ДТ-ді дайындауға арналған өндірістік бөлмелерге қандай талаптар қойылады? Өндірістік бөлмелерінің тазалық класстары бойынша сипаттамасын беріңіз. Бөлмелерде тазалық қалай қамтамсыз етіледі?
6. Құрал-жабдықтарға, бастапқы шикізатқа, көмекші заттарға және персоналға қандай талаптар қойылады?
7. Ампулаларға инъекциялық ДТ-ге арналған құты ретінде анықтама беріңіз. Ампулаларды жасауға арналған медициналық шыныға қандай талаптар қойылады?
8. Медициналық шынының қандай маркаларын білесіз? Ампулаларды жасауға шынының қандай маркалары қолданылады? Неге?
9. Ампулалық шынының сапасын қандай көрсеткіштер бойынша анықтайды? Ампулалардың термиялық және химиялық тұрақтылығын қалай анықтайды?
10. Шыны ампулалардың ішкі беткейінде бейтарап, қышқыл, сілтілі ортаның әсерінен қандай өзгерістер өтеді? Ерітінділердің рН мәні қалай өзгереді?

1. Инфузиялық ерітінділердің тұтқырлығын қанның тұтқырлығымен теңестіру үшін қосады:
 - А) ақуыз өнімдері, синтетикалық полимерлер, донор қаны
 - В) глюкоза, буферлі ерітінділер
 - С) бромидтер, буферлі ерітінділер
 - Д) глюкоза, неорганикалық тұздар, этанол
 - Е) этанол, донор қаны, буферлі ерітінділер
2. Парентеральді нәрлендіруші инфузиялық ерітінділерге жатады:
 - А) аминокөпид, аминокөврин, казеина гидролизат, гидролизин
 - В) гемодез, полидес
 - С) желатиноль, полиглюкин, реополиглюкин
 - Д) ацесоль, дисоль, хлосоль
 - Е) Асратян ерітіндісі, ЦОЛИПК ерітіндісі
3. Изотондық – бұл ... сәйкестігі.
 - А) ерітіндінің осмостық қысымының қан плазмасының осмостық қысымымен
 - В) ерітіндінің рН ортасы мен қан плазмасының рН
 - С) қан плазмасы табиғаты мен ерітіндінің органикалық құрамының
 - Д) ерітінді тұтқырлығының қан плазмасының тұтқырлығына

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 50 беті	

- E)* қан плазмасының құрамын түзетін қажетті тұз комплексінің
4. Изогидрлік – бұл
- A)* ерітінді рН мен қан плазмасы рН-ң сәйкестігі
- B)* ерітіндінің осмостық қысымының қан плазмасының осмостық қысымына сәйкестігі
- C)* ерітіндінің органикалық құрамының қан плазмасының табиғатына сәйкестігі
- D)* ерітінді тұтқырлығының қан плазмасының тұтқырлығына сәйкестігі
- E)* қан плазмасының құрамын түзуге қажетті тұз комплексі
5. Ағзадағы сулы-тұзды және қышқыл-негіздік балансты реттеуші ерітінділерге жатады:
- A)* Рингер, Рингер-Локк, Дисоль, Ацесоль ерітінділері
- B)* Гемодез, Полидес
- C)* Желатиноль, Декстран
- D)* Гидролизин, Аминопептид, Аминокровин
- E)* Полиглюкин, Реополиглюкин
6. Көз дәрілік пленкаларының стерильдігі (КДП) ... арқылы қамтамасыз етіледі.
- A)* газбен стерилизациялау
- B)* автоклавтау
- C)* тиндализациялау
- D)* стерильді фильтрациялау
- E)* ағынды бумен стерилизациялау

Сабак №13

1. Тақырыбы: Биофармация. Дәрілік заттың химиялық модификациясын, физикалық жай-күйін (дисперсия және полиморфизм дәрежесін) «in vitro» эксперименттерінде дәрілік түрден босап шығу жылдамдығы мен толықтығына әсерін анықтау.

2. Мақсаты: Білім алушытерге дәрілік заттардың дәрілік түрлерден босап шығу жылдамдығына және ағзаға сіңіру жылдамдығына әсер ететін фармацевтік факторлардың негізгі топтарын үйрету.

3. Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі керек:

- дәрілік заттардың дәрілік түрден босап шығу жылдамдығына және олардың ағзаға сіңу жылдамдығына әсер ететін фармацевтикалық факторлардың негізгі топтары;
- дәрілік заттардың физикалық жай-күйінің (полиморфизм, дисперстік дәрежесі және т. б.) олардың дәрілік түрден босату жылдамдығына әсері;
- дәрілік заттардың химиялық модификациясының олардың дәрілік түрден босату жылдамдығына және осы факторды басқару мүмкіндігіне әсері.

Білім алушы істей білуі керек:

- дайын дәрілік түрдің сапасын негізгі көрсеткіштер бойынша бағалау;
- "in vitro" тәжірибелерінде дәрілік заттың дәрілік түрден босатылу жылдамдығы мен толықтығын анықтау бойынша биофармацевтикалық зерттеулер жүргізу;
- петри ыдыстарында агар плиталарын дұрыс дайындау;
- "in vitro" тәжірибе әдістемесін дұрыс жүзеге асыру: дәрілік заттың дәрілік нысаннан агар пластинкаларына тікелей диффузиясы;
- фармацевтикалық факторлардың дәрілік заттардың ағзаға сіңу жылдамдығына әсері туралы дұрыс қорытынды жасау.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 51 беті	

негізгі білімдері бойынша:

1. Полиморфизм түсінігі. Заттардың әртүрлі полиморфты модификациясының пайда болуына әсер ететін факторлар және осы факторды пайдалану мүмкіншіліктері.
2. Ұнтақтау. Дисперсиялық дәрежесі заттардың ерігіштігі пен тұрақтылығына ықпал ететін фактор ретінде. Ұнтақтау үшін арналған аппараттар мен машиналар.
3. Дәрілік заттардың сандық көрсеткіштерін анықтау әдістері мен тәсілдері (нитритометрия, фотоколориметрия, спектрофотометрия, және басқа да әдістер). Қолданылатын қондырғылар. Жұмыс істеу принциптері.

сабақтың тақырыбы бойынша:

1. Биофармацияның ғылым ретінде анықтамасы. Биофармацияның негізгі мақсаты.
2. Терапевтік адекватсыздық туралы түсінік. Оның пайда болу себептері.
3. Препараттың дәрілік түрден босап шығу және ағзаға сіңіру жылдамдығына байланысты негізгі физико-химиялық қасиеті.
4. Дәрілік заттардың дәрілік түрлерден босап шығу жылдамдығы мен толықтығына әсер ететін фармацевтік факторлардың негізгі топтары.
5. Дәрілік заттардың және көмекші заттардың физикалық дәрінің терапевтік эффективтілігіне және БТ әсер ететін фармацевтік факторлардың бірі ретінде. Осы факторды пайдалану мүмкіншіліктері.
6. Полиморфизм түсінігі. Заттардың әртүрлі полиморфты модификациясының пайда болуына әсер ететін факторлар. Полиморфизм - дәрінің терапевтік эффективтілігіне және тұрақтылығына әсер ететін фармацевтік факторлардың бірі ретінде. Осы факторды пайдалану мүмкіншіліктері.
7. “in vitro” тәжірибелерінде дәрілік заттардың дәрілік түрлерден босап шығу жылдамдығын анықтауға арналған әдістер мен қолданылатын құралдар.
8. “in vitro” тәжірибелерінде дәрілік заттардың дәрілік түрлерден босап шығу жылдамдығын агар пластинкаларынан тікелей диффузия әдісі.

БІЛІМ АЛУШЫТЕРДІҢ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

Теориялық білімін бекіту үшін білім алушытер протокол мен регламентті жазып келесі тапсырмаларды орындау тиіс:

Тапсырма 1. Экспериментальды жұмыстарын орындау үшін «in vitro» тәжірибелерінде дәрілік заттардың дәрілік түрлерден босап шығу жылдамдығын анықтау бойынша келесі дәрілік түрлерді дайындау керек:

- N 1 сульфаниламид жағар майы - препараттағы бөлшек диаметрі 0,1 мм;
- N 2 сульфаниламид жағар майы - препараттағы бөлшек диаметрі 0,38 мм;

Ескерту: 10 % стрептоцид немесе сульфадимезин жағар майларының тәжірибелік үлгілерін вазелиндік негізде дайындайды. Ол үшін білім алушытер зертханалық жұмыстың келесі этаптарын орындайды:

- а) стрептоцидті ұнтақтап, фракцияларға бөліп, дисперстік дәрежесін анықтау;
- в) 10 % стрептоцид немесе сульфадимезин жағар майларының тәжірибелік үлгілерін дайындау.

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау

Заттардың ұнтақталу дәрежесінің әсерін сіңіру процесіне негізі бірдей түрінде дайындалған жағар майларды қолданып және бөлшектерінің мөлшері әжептеуір байқалатын дәрілік заттар фракцияларын қолданып зерттеу мүмкін. Дисперстілік дәрежесі әртүрлі фракцияларды алу үшін: 50,0 г стрептоцидті бірнеше елеуіштер арқылы елеп, бөлшектерінің өлшемі 0,38 мм фракцияны бөліп алады, келіде 95% спирттің бірнеше тамшысында 10 минут

OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 52 беті	

бойына қосымша ұнтақтап, елеуіш арқылы елейді, бөлшектерінің өлшемі 0,1 мм фракцияларды бөлек бөліп алады.

Тапсырма 2. Агар гелін және агар пластинкаларын Эрлих рекативімен Петри табақшаларында дайындау және «in vitro» тәжірбиелерінде тікелей диффузия әдісімен жүргізу.

Агар гелін және агар пластинкаларын дайындаудың әдістемесі

Агар гелін 5%–тік концентрацияда салмағы алдын ала өлшенген тығыз жабылатын шыны ыдыста дайындайды. Майда кесілген агарға (ГОСТ 6470-58) тазартылған су қосып, ісіндіру үшін 30 минутқа қалдырады. Ісінген агарды қайнағанша қыздырып, керекті массаға дейін сумен жеткізеді.

Эрлих реактивінің құрамы:

Пара-диметиламинобензальдегид	0,5 г
Концентрлі хлорсутек қышқылы	15 мл
Этанол 95%	15 мл
н-бутанол	90 мл

Горизонталдығы ватерпас көмегімен тексерілген столдың бетіне Петри табақшаларын (диаметрі 98-100 мм, биіктігі 20 мм) қойып, олардың ішіне дайындалған агар гелін екі порциямен (10 және 15 мл) құяды. Петри табақшада агар гелінің бірінші порциясы қатқан соң оның бетіне әр табақшаның ішіне металдан немесе шыныдан жасалынған (сыртқы диаметрі 8 мм, биіктігі 10-15мм) 3 цилиндрлерден қойып агар гелінің екінші порциясын құяды. Агар толық қатқан соң цилиндрлерді абайлап алады. Агар пластинкалардың бетінде түзілген ұяшықтарға келесі сабақта зертханалық жұмысты жасаған кезде Эрлих реактивін тамызып дайындалған жағар майлардың үлгілерін салады.

Тапсырма 3. «in vitro» тәжірбиелерінде агар пластинкаларынан тікелей диффузия әдісімен жағар майлардан дәрілік заттардың босап шығу жылдамдығына ұнтақталу дәрежесінің әсерін анықтау.

Білім алушытер келесі жұмыстарды орындауы қажет:

- дайындалған агар пластинкаларының ұяшықтарына жағар майлардың үлгілерін (1 г) салып (алдын ала әр ұяшыққа 1 тамшыдан Эрлих реактивін пипеткамен тамызады), Петри табақшаларды қақпақтармен жауып, оларды алдын ала $37 \pm 0,5^\circ$ С температураға дейін қыздырылған термостатқа орналастыру;
- әр 30 минут сайын (30, 60, 90, 120, 150 минутта) ұяшықтардың сыртындағы боялған зоналардың диаметрін өлшейді. Боялған зонада дәрілік заттың агарға диффузиялану дәрежесін көрсетеді;
- жағар майлардан препараттың босап шығу жылдамдығының дәрілік заттың дисперстік дәрежесінің әсері бойынша қорытынды жасау.

5. Оқыту және оқыту әдістері: білім алушытердің білімін бақылау (бастапқы деңгейін, материалды бекіту дәрежесі), зертханалық жұмысы, тест тапсырмаларын орындау, протоколды (зертханалық регламентті) жазу және қорғау.

6. Бағалау әдістері: ауызша жауап, мылқау картамен жұмыс, зертханалық жұмысты орындау, ситуациялық есептерді шығару, тест тапсырмаларын орындау.

7. Әдебиет:

негізгі:

1. Гаврилов, А. С. Фармацевтическая технология. Изготовление лекарственных препаратов [Текст] : учебник / А. С. Гаврилов. - 2-е изд., перераб. ; - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 760 с.

OÑTÛSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 53 беті	

2. Сағындықова, Б. А. Дәрілердің дәріханалық технологиясы [Мәтін] : оқулық / Б. А. Сағындықова, Р. М. Анарбаева. - Алматы : Medet Group, 2021
3. Сағындықова, Б. А. Биофармация және дәрілік препараттарды биофармацевттік зерттеу : оқу құралы / - Қарағанды : Medet Group, 2021. - 172 б
4. Сағындықова, Б. А., Анарбаева Р.М. Дәрілердің дәріханалық технологиясы: оқулық. - Алматы: Medet Group, 2021
5. Производство лекарственных средств. Химическая технология от R&D до производства : учебное пособие / пер с англ. Д. Дж. ам Энде [и др.], ред. В. В. Береговых. - СПб : ЦОП Профессия, 2015. - 1280 с. : ил.
6. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т. 1 : учебник: в 2-х томах / под ред. И. И. Краснюка [и др.]. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2020. - 352 с. : ил.
7. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т. 2 : учебник: в 2-х томах / под ред. И. И. Краснюка [и др.]. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2022. - 448 с. : ил.

қосымша:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік фармакопеясы. Т. 3 : монография / Алматы : Жібек жолы, 2014. - 864 бет. С
2. Государственная фармакопея Республики Казахстан. Т. 3 [Текст] : монография / М-во здравоохранения РК. - 3-е изд. ; Утв. приказом М-ва здравоохранения РК. - Алматы : Изд. дом "Жибек жолы", 2014. - 872 с.
3. Лойд, В. Аллен. Фармацевтическая технология. Изготовление лекарственных препаратов: учеб. пособие М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014
4. Л.Дж.ам Энде Производство лекарственных средств. Химическая технология от R&D до производства: пер. с англ./Д.Дж. Ам Энде и др.; под ред. В.В.Береговых.-СПб.: ЦОП "Профессия", 2015.-1280с., ил.
5. Сағындықова Б.А., Торланова Б.О., Қыдыралиев Б.С. «Биофармация және фармакокинетика элементтері» - Шымкент. – 2007. – 48 б.

8. БАҚЫЛАУ

Бақылау сұрақтары:

1. Биофармацияның ғылым ретіндегі анықтамасын беріңіз. Биофармацияның негізгі мақсаты неде?
2. Терапевтік адекватсыздық деген не? Оны туғызатын себептері қандай?
3. Препараттың дәрілік түрден босап шығу және ағзаға сіңіру жылдамдығына заттың қандай негізгі физико-химиялық қасиетіне байланысты болады?
4. «Дәрілік және көмекші заттардың физикалық жағдайы» деген түсінікке қандай факторлар кіреді?
5. Полиморфизм деген не? Заттардың әртүрлі полиморфты модификацияларының пайда болуына қандай факторлар әсер етеді?
6. Дәрілік заттардың дисперстік дәрежесі дәрінің терапевтік эффективтілігіне және оның жанама құбылыстарына қалай әсер етеді? Осы факторды қалай пайдалануға болады?
7. Дәрілік заттардың химиялық модификациясы деген не? Ол дәрінің терапевтік эффективтілігіне қалай әсер етеді. Осы факторды пайдалану қандай мүмкіншіліктері болады?
8. “in vivo” тәжірибелерінде қандай негізгі фармакокинетикалық параметрлер анықталады?
9. Дәрілердің биологиялық тиімділігі (БТ) дегеніміз не? Ол қалай көрінеді? Ол қалай сипатталады? Ол жоғары деңгейде қандай топтың факторларына байланысты болады (фармацевтикалық, физиологиялық, биохимиялық)?

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 54 беті	

Сабақ №14

1. Тақырыбы: «in vitro» тәжірибелерінде дәрілік түрден дәрілік заттың босап шығуы мен жылдамдығына көмекші заттардың табиғаты мен мөлшерінің әсерін анықтау.

2. Мақсаты: «in vitro», тәжірибелерінде дәрілік түрдегі қосымша заттардың табиғаты мен мөлшерінің дәрілік заттардың дәрілік түрден босап шығу және ағзаға сіңірлу жылдамдығына әсерін анықтауды игеру. Дәрілік заттардың дәрілік түрден босап шығу жылдамдығына және толықтығына әсер ететін факторларды анықтауды «in vitro», «in vivo» тәжірибелерінде дұрыс жүргізуді үйрену.

3. Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі керек:

- фармацевтикалық факторлардың негізгі топтары;
- қосымша заттардың табиғаты мен мөлшерінің, дәрілік нысанның түрі мен оны ағзаға енгізу жолының, технологиялық операциялардың типі мен қолданылатын жабдықтың дәрілік заттардың дәрілік түрден босату жылдамдығына және осы факторды басқару мүмкіндігіне әсері;
- "in vitro" тәжірибелерінде дәрілік заттардың дәрілік түрлерден босатылу жылдамдығы мен толықтығын анықтау әдістері қолданылатын әдістемелер, пайдаланылатын аспаптар;
- "in vivo" тәжірибелерінде дәрілік заттардың ағзаға сіңу жылдамдығын анықтау әдістері, қолданылатын әдістер, қолданылатын аспаптар;
- препараттың бір реттік дозасын пайдалана отырып, "in vivo" тәжірибелерінде БҚ анықтау әдісі;
- препараттың қайталама дозаларын қолдана отырып, бір реттік дозаны пайдалана отырып, "in vivo" тәжірибелерінде БҚ анықтау әдісі.

Білім алушы істей білуі керек:

- дайындалған дәрілік түрдің сапасын бағалау;
- "in vitro" тәжірибелерінде биофармацевтикалық зерттеулер жүргізу;
- Кривчинский бойынша жартылай өткізгіш мембрана арқылы диализ жүргізу үшін қондырғыны дұрыс жинау және дайындау;
- "in vitro" тәжірибе әдістемесін жүзеге асыру: Кривчинский бойынша жартылай өткізгіш мембрана арқылы дәрілік заттың диализі;
- препараттың бір реттік дозасын пайдалана отырып, "in vivo" тәжірибелерінде дәрілік заттың сіңу жылдамдығын анықтау бойынша биофармацевтикалық зерттеулер жүргізу;
- зертханалық жануарларға зерттелетін дәрілік нысандарды дұрыс енгізу және талдау үшін биологиялық сұйықтықтардың (қан, зәр) сынамаларын дұрыс тандау;
- биологиялық сұйықтықтардағы дәрілік заттардың сандық құрамын спектрофотометрия, фотоколориметрия, нитритометрия әдістерімен анықтау;
- берілген фармацевтикалық факторлардың дәрілік формадан дәрілік заттардың сіңу жылдамдығы мен толықтығына әсері туралы дұрыс қорытынды жасау.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

негізгі білімдер бойынша:

1. Сабақтың тақырыбы бойынша латын терминологиясы.
2. Дайын дәрілік түрлер мен экстракциялық препараттардың өндірісінде қолданылатын машиналар мен аппараттар, олардың жіктелуі, құрылысы және жұмыс істеу принципі.
3. Дәрілердің сапасын бағалау және шикізат, жартылай өнімдер мен дайын өнімді стандарттау әдістері және әдістемелері. Қолданылатын приборлар, олардың жұмыс істеу принципі.

OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 55 беті	

сабақтың тақырыбы бойынша:

1. Дәрінің терапевтік ефективтілігіне және оның ағзада жылжуының әрбір сатысындағы жылдамдығына әсер ететін факторлардың негізгі топтары. Олардың жалпы сипаттамасы.
2. Препараттың дәрілік түрден босап шығу және ағзаға сіңірлу жылдамдығына байланысты негізгі физико-химиялық қасиеті.
3. Дәрілік заттардың дәрілік түрлерден босап шығу жылдамдығы мен толықтығына әсер ететін фармацевттік факторлардың негізгі топтары.
4. Дәрілік түрінің және оны ағзаға енгізу жолының дәрілік заттардың дәрілік түрден босап шығу және ағзаға сіңірлу жылдамдығына әсер ететін фактор ретінде. Осы факторды пайдалану мүмкіншіліктері.
5. “in vitro” тәжірибелерінде дәрілік заттардың дәрілік түрлерден босап шығу жылдамдығын агар пластинкаларынан тікелей диффузия әдісімен анықтау әдістемесі.
6. «in vitro тәжірибелерінде дәрілік заттардың дәрілік түрлерден босап шығу жылдамдығын Кривчинский бойынша жартылай өткізгіш мембрана арқылы диализ жүргізу әдістемесі.
7. дәрілік заттардың дәрілік түрлерден босап шығу жылдамдығы мен толықтығына әсерін «in vitro» тәжірибелерінде анықтау, қолданылатын әдістер мен қондырғылар;
8. Дәрілердің ағзаға сіңірлу толықтығы мен жылдамдығын «in vivo» тәжірибелерінде анықтау әдістерін, қолданатын приборлар мен әдістемелерін;
9. «in vivo» тәжірибесін қолдана отырып, препараттың бірреттік дозасымен БТ анықтау әдісі;
10. «in vivo» тәжірибесін қолдана отырып, препараттың бірнеше реттік дозасымен БТ анықтау әдісі;

БІЛІМ АЛУШЫТЕРДІҢ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

Теориялық білімін бекіту үшін білім алушытер протокол мен регламентті жазып келесі тапсырмаларды орындау тиіс:

Тапсырма 1. Дәрілік заттардың дәрілік түрлерден босап шығу жылдамдығына көмекші заттардың табиғаты мен мөлшерінің әсерін «in vitro” тәжірибелерінде № 1 сабақта дайындалған келесі дәрілік түрлерді:

- а) вазелин-ланолин (9:1) негізінде сульфадимезиннің (немесе стрептоцидтің) 10%–тік жағар майын;
- б) вазелин-ланолин (6:4) негізінде сульфадимезиннің (немесе стрептоцидтің) 10%–тік жағар майын;
- в) вазелин негізінде сульфадимезиннің (немесе стрептоцидтің) 10%–тік жағар майын
- г) эмульсиялық негізде сульфадимезиннің (немесе стрептоцидтің) 10%–тік жағар майын агар пластинкаларында тікелей диффузиялау әдісімен анықтауы керек.

Ол үшін білім алушытер келесі жұмыстарды орындауы қажет:

- агар пластинкаларының ұяшықтарына жағар майлардың үлгілерін (1 г) салып (алдын ала әр ұяшыққа 1 тамшыдан Эрлих реактивін пипеткамен тамызады), Петри табақшаларды қақпақтармен жауып, оларды алдын ала $37 \pm 0,5^\circ \text{C}$ температураға дейін қыздырылған термостатқа орналастыру;
- әр 30 минут сайын (30, 60, 90, 120, 150 минутта) ұяшықтардың сыртындағы боялған зоналардың диаметрін өлшейді. Боялған зонада дәрілік заттың агарға диффузиялану дәрежесін көрсетеді;
- жағар майлардан препараттың босап шығу жылдамдығының жағар май негізінің табиғаты мен мөлшеріне байланысты тәуелділік графигін (боялған зоналардың диаметрі бойынша) сызу және қорытынды жасау.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 56 беті	

Жұмыс бригадалық әдіспен жүргізіледі. Білім алушытер протокол толтырады және зертханалық жұмыс бойынша ауызша сұраудан өтеді. Білім алушытер жұмысты жүргізу бойынша сұрақтарға жауап беруі керек және протоколды оқытушыға қол қойғызады.

Тапсырма 2. Дәрілік заттардың дәрілік түрлерден босап шығу жылдамдығын «in vitro» (агар пластинкаларынан тікелей диффузия әдісімен) тәжірибелерінде анықтау үшін вазелин-ланолинді (6:4) негізінде дайындалған 10% новокаин жағар майын екі тәсілмен дайындау:

1 әдіс 10% новокаин жағар майы

Тапсырманы орындау үшін білім алушытер:

Негізге новокаинді эмульсия типі бойынша енгізуі керек. Ол үшін сулы ланолинді сусыз ланолинге есептеу және новокаинді еріту үшін қажетті су көлемін есептеуі қажет. Сосын новокаиннің сулы ерітіндісін сусыз ланолинмен эмульгирлеп, вазелинмен араластырады.

2 әдіс 10% новокаин жағар майы

Вазелинді сулы ланолинмен араластырады, сосын суспензия түрінде негізге новокаинді енгізеді.

Әртүрлі тәсілдермен дайындалған жағар майлардан новокаиннің босап шығу жылдамдығын агар пластинкаларына тікелей диффузия әдісімен боялған зоналардың диаметрін әр 30 минут сайын (30, 60, 90, 120, 150 минутта) ұяшықтардың сыртындағы боялған зоналардың диаметрін өлшейді. Боялған зонада дәрілік заттың агарға диффузиялану дәрежесін көрсетеді. Алынған нәтижелер бойынша тәуелділік графигін сызу және берілген фармацевтикалық факторлардың әсері туралы қорытынды жасау.

5. Оқыту және оқыту әдістері: білім алушытердің білімін бақылау (бастапқы деңгейін, материалды бекіту дәрежесі), зертханалық жұмысы, тест тапсырмаларын орындау, протоколды (зертханалық регламентті) жазу және қорғау.

6. Бағалау әдістері: ауызша жауап, мылқау картамен жұмыс, зертханалық жұмысты орындау, ситуациялық есептерді шығару, тест тапсырмаларын орындау.

7. Әдебиет:

негізгі:

1. Гаврилов, А. С. Фармацевтическая технология. Изготовление лекарственных препаратов [Текст] : учебник / А. С. Гаврилов. - 2-е изд., перераб. ; - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 760 с.
2. Сағындықова, Б. А. Дәрілердің дәріханалық технологиясы [Мәтін] : оқулық / Б. А. Сағындықова, Р. М. Анарбаева. - Алматы : Medet Group, 2021
3. Сағындықова, Б. А. Биофармация және дәрілік препараттарды биофармацевттік зерттеу : оқу құралы / - Қарағанды : Medet Group, 2021. - 172 б
4. Сағындықова, Б. А., Анарбаева Р.М. Дәрілердің дәріханалық технологиясы: оқулық. - Алматы: Medet Group, 2021
5. Производство лекарственных средств. Химическая технология от R&D до производства : учебное пособие / пер с англ. Д. Дж. ам Энде [и др.], ред. В. В. Береговых. - СПб : ЦОП Профессия, 2015. - 1280 с. : ил.
6. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т. 1 : учебник: в 2-х томах / под ред. И. И. Краснюка [и др.]. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2020. - 352 с. : ил.
7. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т. 2 : учебник: в 2-х томах / под ред. И. И. Краснюка [и др.]. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2022. - 448 с. : ил.

қосымша:

OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 57 беті	

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік фармакопеясы. Т. 3 : монография / Алматы : Жібек жолы, 2014. - 864 бет. С
2. Государственная фармакопея Республики Казахстан. Т. 3 [Текст] : монография / М-во здравоохранения РК. - 3-е изд. ; Утв. приказом М-ва здравоохранения РК. - Алматы : Изд. дом "Жибек жолы", 2014. - 872 с.
3. Лойд, В. Аллен. Фармацевтическая технология. Изготовление лекарственных препаратов: учеб. пособие М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014
4. Л.Дж.ам Энде Производство лекарственных средств. Химическая технология от R&D до производства: пер. с англ./Д.Дж. Ам Энде и др.; под ред. В.В.Береговых.-СПб.: ЦОП "Профессия", 2015.-1280с., ил.
5. Сағындықова Б.А., Торланова Б.О., Қыдыралиев Б.С. «Биофармация және фармакокинетика элементтері» - Шымкент. – 2007. – 48 б.

8. БАҚЫЛАУ

Ситуациялық тапсырмалар:

Тапсырма 1. Қосымша заттардың мөлшері ағзада дәрілердің терапевтік тиімділігіне қалай әсер етеді?

- а) құрамында өсімдік шикізатынан препараты бар пилюлялар дайындаған кезде байланыстырғыш зат ретінде глицерин суының әр түрлі концентрациясы (30% дейін, 30% жоғары)?
- б) құрамында өсімдік шикізатымен таблеткалық массаны таблеттеу үшін тайғанақ зат тальктің әр түрлі мөлшері (3% дейін, 3% жоғары)?
- в) көз жағар майына арналған негіді (вазелин-ланолин) дайындау үшін, ланолиннің әр түрлі мөлшері (9:1 және 6:4)?

Тапсырма 2. Қосымша заттардың табиғаты ағзада дәрілердің терапевтік тиімділігіне қалай әсер етеді?

- а) құрамында өсімдік шикізатынан препараты бар пилюлялар дайындаған кезде әр түрлі негіздер қолданылған (ақ балшық, крахмал-қант қоспасы, ақмия тамырының ұнтағы)?
- б) құрамында ацетилсалицил қышқылы бар таблеткаларды дайындау үшін, әр түрлі тайғанақ заттар (стеарин қышқылы, және оның тұздары, тальк)?
- в) 10% стрептоцид жағар майын дайындау үшін, әр түрлі негіздер (вазелин, консистентік эмульсиялық негіз, крахмал-глицерин негізі)?

Бақылау сұрақтары:

1. Биофармацияға ғылым ретінде анықтама беріңіз. Биофармацияның негізгі мақсаты қандай?
2. Терапевтік адекватсыздық дегеніміз не? Оны тудыратын себептер қандай?
3. Ағзада дәрілердің тасымалдануының негізгі сатылары қандай?
4. Дәрілік түрден дәрілердің босап шығуы және оның ағзаға сіңірілуін қандай физико-химиялық қасиеті анықтайды?
5. Дәрілердің терапевтік эффективтілігіне және ағзадағы транспорттың әрбір этапындағы процесстің жылдамдығына әсер ететін факторлардың негізгі тобын атаңыз. Оларға қысқаша сипаттама беріңіз.
6. Дәрілік түрден дәрілік заттың босап шығу жылдамдығы мен толықтығына көмекші заттардың табиғаты қалай әсер етеді. Мысал келтіріңіз. Осы факторды басқару мүмкіндіктері қандай?
7. Дәрілік түрден дәрілік заттың босап шығу жылдамдығы мен толықтығына көмекші заттардың мөлшері қалай әсер етеді. Мысал келтіріңіз. Осы факторды басқару мүмкіндіктері қандай?

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 58 беті	

8. Дәрілік түрден дәрілік заттың босап шығу жылдамдығы мен толықтығына өндірістік процесстер (технологиялық құрал-жабдықтардың түрлері және құрылысы) қалай әсер етеді. Мысал келтіріңіз. Осы факторды басқару мүмкіндіктері қандай?
9. Дәрілік түрден дәрілік заттың босап шығу жылдамдығы мен толықтығына өндірістік процесстер (технологиялық операциялардың тәсілдері) қалай әсер етеді. Мысал келтіріңіз. Осы факторды басқару мүмкіндіктері қандай?
10. Дәрілік заттардың ағзада сіңірілу жылдамдығын биофармацевтикалық бағалау үшін «in vitro» тәжірибесінде қандай әдістер қолданылады?
11. «in vitro» тәжірибесінде агар пластинкасында тікелей диффузия әдісі қалай жүргізіледі?
12. «in vitro» тәжірибеде Кривчинский бойынша жұмсақ дәрілік түрлердің биофармацевтік талдауы қалай жүргізіледі?
13. «Сарториус» приборының құрылысы мен жұмыс істеу принципі қандай? Артықшылығы неде?
14. «Еру тесті» бойынша «айналмалы кәрзеңке» приборында қатты дәрілік түрлерден (таблетка, пилюль және т.б) дәрілік заттардың бөліну жылдамдығын анықтау әдісі қалай жүргізіледі? Зерттеуді жүргізу шарттары қандай? Прибордың құрылысы қандай? Бұл әдістің артықшылығы мен кемшілігі неде?
15. «Резомат-1» приборының құрылысы мен жұмыс істеу принципі қандай? Артықшылығы мен кемшілігі неде?
16. «Резомат-2» приборының құрылысы мен жұмыс істеу принципі қандай? Артықшылығы мен кемшілігі неде?
17. «in vivo» тәжірибесінде қандай негізгі фармакокинетикалық параметрлер анықталады? Ол қалай әсер етеді?
18. Ағзада дәрілердің транспортталуы қандай сатылардан тұрады? Ағзада дәрілердің транспортталуының әрбір сатысында қандай факторлар тобы әсер етеді?
19. Дәрілердің биологиялық тиімділігіне елеулі түрде қандай физиологиялық факторлар әсер етеді? Оларды басқару мүмкіндіктері қандай?
20. Биофармацевтикалық зерттеулерді тәжірибелік қолдану мәні қандай?

Сабак №15

1. Тақырыбы: Дәрілік заттардың биологиялық қолжетімділігі (БК) (абсолютті және салыстырмалы) және оны анықтау әдістері. Фармакокинетиканың элементтері. Дәрі-дәрмектердің ағзада тасымалдануы.

2. Мақсаты: Білім алушытерге дәрілік заттардың жасушаға тіндік тосқауылдар арқылы енудің негізгі механизмдерін үйрету. Білім алушытерді ДЗ-дың ағзадағы транспортталуы және таралуы, дәрінің биожетімділігі (F%) және биоэквиваленттілігі сияқты негізгі түсініктерді түсіндіру.

3. Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі керек:

- дайын дәрілік түрдің сапасын негізгі көрсеткіштер бойынша анықтау;
- "in vitro" тәжірибелерінде дәрілік заттың дәрілік түрден босатылу жылдамдығы мен толықтығын анықтау бойынша биофармацевтикалық зерттеулер;
- Петри ыдысында агар плиталарын дайындау;
- "in vitro" тәжірибе әдістемесі: дәрілік заттың дәрілік түрден агар пластинкаларына тікелей диффузиясы;
- дәрі-дәрмектің емдік тиімділігін бағалау критерийі ретінде биологиялық қол жетімділікті (БК) анықтау, оның түрлері (абсолютті және салыстырмалы БК), оны анықтау әдістері;

OÑTÛSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 59 беті

- дәрілік заттарды енгізу жолдары, дәрілік заттардың жасушаларға және тіндік тосқауылдар арқылы ену механизмдері.
- дәрілердің "алғашқы өтуінің" әсері, биожетімділіктің дәрілік препараттардың дозалау режиміне әсері.
- тасымалдау туралы түсінік және денеде ДЗ таралуы.
- дәрілердің биожетімділігі (F%) және биоэквиваленттілігі туралы түсінік.

Білім алушы істей білуі керек:

- дайындалған дәрілік түрдің сапасын бағалау;
- "in vitro" тәжірибелерінде биофармацевтикалық зерттеулер жүргізу;
- препараттың бір реттік дозасын пайдалана отырып, "in vivo" тәжірибелерінде дәрілік заттың сіңу жылдамдығын анықтау бойынша биофармацевтикалық зерттеулер жүргізу;
- препаратты енгізу жолын таңдауды негіздеу;
- дәрілік заттың сіңуін анықтау;
- дәрілік заттар фармакокинетикасының көрсеткіштерін талдау;
- дәрілік заттардың фармакологиялық қасиеттерінің жиынтығы бойынша әсерін және оларды терапиялық емдеу үшін пайдалану мүмкіндігін талдау.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

базалық білімі бойынша:

1. Полиморфизм түсінігі. Заттардың әртүрлі полиморфты модификациясының пайда болуына әсер ететін факторлар және осы факторды пайдалану мүмкіншіліктері.
2. Ұнтақтау. Дисперсиялық дәрежесі заттардың ерігіштігі пен тұрақтылығына ықпал ететін фактор ретінде. Ұнтақтау үшін арналған аппараттар мен машиналар.
3. Дәрілік заттардың сандық көрсеткіштерін анықтау әдістері мен тәсілдері (нитритометрия, фотоколориметрия, спектрофотометрия, және басқа да әдістер). Қолданылатын қондырғылар. Жұмыс істеу принциптері.

сабақтың тақырыбы бойынша:

1. Биофармацияның ғылым ретінде анықтамасы. Биофармацияның негізгі мақсаты.
2. Терапевтік адекватсыздық туралы түсінік. Оның пайда болу себептері.
3. Препараттың дәрілік түрден босап шығу және ағзаға сіңіру жылдамдығына байланысты негізгі физико-химиялық қасиеті.
4. Дәрілік заттардың дәрілік түрлерден босап шығу жылдамдығы мен толықтығына әсер ететін фармацевтік факторлардың негізгі топтары.
5. Дәрілік заттардың және көмекші заттардың физикалық дәрінің терапевтік эффективтілігіне және БТ әсер ететін фармацевтік факторлардың бірі ретінде. Осы факторды пайдалану мүмкіншіліктері.
6. Полиморфизм түсінігі. Заттардың әртүрлі полиморфты модификациясының пайда болуына әсер ететін факторлар. Полиморфизм - дәрінің терапевтік эффективтілігіне және тұрақтылығына әсер ететін фармацевтік факторлардың бірі ретінде. Осы факторды пайдалану мүмкіншіліктері.
7. Дәрілердің терапевтік эффективтілігіне және жанама әсеріне препараттардың дисперстік дәрежесінің фармацевтік фактор ретінде әсері. Осы факторды пайдалану мүмкіншіліктері.
8. Дәрілік заттардың химиялық модификациясы - дәрінің терапевтік эффективтілігіне әсер ететін фармацевтік факторлардың бірі ретінде. Осы факторды пайдалану мүмкіншіліктері.
9. "in vitro" тәжірибелерінде дәрілік заттардың дәрілік түрлерден босап шығу жылдамдығын анықтауға арналған әдістер мен қолданылатын құралдар.
10. "in vitro" тәжірибелерінде дәрілік заттардың дәрілік түрлерден босап шығу жылдамдығын агар пластинкаларынан тікелей диффузия әдісі.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 60 беті	

БІЛІМ АЛУШЫТІҢ ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСЫ

Білім алушытің тәжірибелік жұмысы тапсырманың өзіне байланысты орындалады.

Тапсырма 1. «in vitro» тәжірибелерінде Крувчинский бойынша жартылай өткізгіш мембранадан диализ әдісімен жағар майлардан дәрілік заттардың босап шығу жылдамдығына препараттың дисперстік дәрежесінің әсерін анықтау. Диализаттағы препарат мөлшерін 30, 60, 90, 120 және 150 минут бойына жартылай өткізгіш мембрана (целлофан) арқылы өткен жағар май мөлшерін төменде көрсетілген әдіс бойынша анықтау:

а) нитритометриялық титрлеу б) фотоколориметрия

Фотоколориметриялық әдіспен диализатқа өткен препараттың саныдық мөлшерін анықтау үшін калибрленген график құрастыру қажет (N 3 сабақтың методикалық нұсқауын қараңыз).

Экспериментте алынған нәтижелерді таблицаға (таблица түрі төменде берілген) енгізіп, жағар майдан босап шыққан препарат жылдамдығының дисперстік дәрежесіне тәуелділігі бойынша график құрастырып, қорытынды жасау.

Жағар майлардағы дисперстік дәрежесі әртүрлі стрептоцид диализі

Кесте 1

Жағар май	Диффундирленген зат мөлшері				
	30 минут	60 минут	90 минут	120 минут	150 минут
N 1 жағар май					
N2 жағар май					

Тапсырма 2. «in vivo» тәжірибелерінде фуросемидтің химиялық модификациясының дәрілік түрден ағзаға сіңірілу жылдамдығы мен толықтығына әсерін зертханалық жануарларға (егеуқұйрықтарға) тәжірибе жасау арқылы анықтау. Жұмыстың жүргізілу әдістемесі М.П. Маркевичтің «Руководство к лабораторным занятиям по Биофармации» оқу құралында берілген.

5. Оқыту және оқыту әдістері: білім алушытердің білімін бақылау (бастапқы деңгейін, материалды бекіту дәрежесі), зертханалық жұмысы, тест тапсырмаларын орындау, протоколды (зертханалық регламентті) жазу және қорғау.

6. Бағалау әдістері: ауызша жауап, мылқау картамен жұмыс, зертханалық жұмысты орындау, ситуациялық есептерді шығару, тест тапсырмаларын орындау.

7. Әдебиет:

негізгі:

1. Гаврилов, А. С. Фармацевтическая технология. Изготовление лекарственных препаратов [Текст] : учебник / А. С. Гаврилов. - 2-е изд., перераб. ; - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 760 с.
2. Сағындықова, Б. А. Дәрілердің дәріханалық технологиясы [Мәтін] : оқулық / Б. А. Сағындықова, Р. М. Анарбаева. - Алматы : Medet Group, 2021
3. Сағындықова, Б. А. Биофармация және дәрілік препараттарды биофармацевттік зерттеу : оқу құралы / - Қарағанды : Medet Group, 2021. - 172 б
4. Сағындықова, Б. А., Анарбаева Р.М. Дәрілердің дәріханалық технологиясы: оқулық. - Алматы: Medet Group, 2021
5. Производство лекарственных средств. Химическая технология от R&D до производства : учебное пособие / пер с англ. Д. Дж. ам Энде [и др.], ред. В. В. Береговых. - СПб : ЦОП Профессия, 2015. - 1280 с. : ил.

OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы	044-48/11 2024-2025 60 беттің 61 беті

6. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т. 1 : учебник: в 2-х томах / под ред. И. И. Краснюка [и др.]. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2020. - 352 с. : ил.
7. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т. 2 : учебник: в 2-х томах / под ред. И. И. Краснюка [и др.]. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2022. - 448 с. : ил.

Қосымша:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік фармакопеясы. Т. 3 : монография / Алматы : Жібек жолы, 2014. - 864 бет. С
2. Государственная фармакопея Республики Казахстан. Т. 3 [Текст] : монография / М-во здравоохранения РК. - 3-е изд. ; Утв. приказом М-ва здравоохранения РК. - Алматы : Изд. дом "Жибек жолы", 2014. - 872 с.
3. Лойд, В. Аллен. Фармацевтическая технология. Изготовление лекарственных препаратов: учеб. пособие М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014
4. Л.Дж.ам Энде Производство лекарственных средств. Химическая технология от R&D до производства: пер. с англ./Д.Дж. Ам Энде и др.; под ред. В.В.Береговых.-СПб.: ЦОП "Профессия", 2015.-1280с., ил.
5. Сағындықова Б.А., Торланова Б.О., Қыдыралиев Б.С. «Биофармация және фармакокинетика элементтері» - Шымкент. – 2007. – 48 б.

8. БАҚЫЛАУ

Ситуациялық тапсырмалар:

Тапсырма 1. Дәрінің терапевтік эффективтілігіне дәрілік форманың түрі және оны ағзаға енгізу жолы қалай әсер етеді:

- А) егер тері беткейіне глицирамды бірдей дозада жағар май және аэрозоль түрінде енгізсе
- Б) егер амидопиринді ағзаға таблетка түрінде пероральды және суппозиторий түрінде ректальды енгізсе
- В) егер ұзақ мерзім бойы стероидты гормондар препараттарын ағзаға пероральды және ректальды енгізсе

Тапсырма 2. Ағзаға бірдей жолмен дәріні енгізген кезде дәрілік форманың түрі препараттың терапевтік эффективтілігіне қалай әсер етеді:

- А) егер тері беткейіне глицирамды бірдей дозада жағар май және аэрозоль түрінде енгізсе?
- Б) егер теофилинді ағзаға пероральды жолмен таблетка түрінде және шырын түрінде енгізсе
- В) егер ампициллинді ағзаға пероральды жолмен таблетка түрінде және суспензия түрінде енгізсе

Тапсырма 3. Дәрілік түрді дайындау кезінде дәрінің терапевтік эффективтілігіне технологиялық процестер қалай әсер етеді:

- А) егер бірдей дәрілік заттарды ұнтақтау үшін барабанды диірменнің екі түрін (шарлы және стерженьді) қолданса?
- Б) егер түйіршіктерді кептіру үшін әртүрлі тәсілдерін (жалған қайнау қабатта кептіргіш аппаратта және вакуум кептіргіш шкафта) қолданса?
- В) егер таблеткаларды престеу кезінде таблеттейтін машиналардың әртүрлі типтерін (КТМ және РТМ) қолданса?

Бақылау сұрақтары:

1. Терапевтік адекватсыздық туралы түсінік. Оның пайда болу себептері.

OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевттік өндіріс технологиясы кафедрасы		044-48/11 2024-2025 60 беттің 62 беті

2. Препараттың дәрілік түрден босап шығу және ағзаға сіңірлу жылдамдығына байланысты негізгі физико-химиялық қасиеті.
3. Дәрілік заттардың дисперстік дәрежесі дәрінің терапевтік эффективтілігіне және оның жанама құбылыстарына қалай әсер етеді? Осы факторды қалай пайдалануға болады?
4. Дәрілердің биологиялық тиімділігі (БТ) дегеніміз не? Ол қалай көрінеді? Ол қалай сипатталады? Ол жоғары деңгейде қандай топтың факторларына байланысты болады (фармацевтикалық, физиологиялық, биохимиялық)?
5. Дәрілердің БТ бір реттік дозасын пайдалану арқылы зерттеу әдісі, оның артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?.
6. Дәрілердің БТ бірнеше реттік дозасын пайдалану арқылы зерттеу әдісі, оның артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?.
7. in vivo” тәжірибелерінде қандай негізгі фармакокинетикалық параметрлер анықталады?
8. Ағзада дәрілердің транспортталуы қандай сатылардан тұрады? Ағзада дәрілердің транспортталуының әрбір сатысында қандай факторлар тобы әсер етеді?
9. Дәрілердің биологиялық тиімділігіне елеулі түрде қандай физиологиялық факторлар әсер етеді? Оларды басқару мүмкіндіктері қандай?
10. Биофармацевтикалық зерттеулерді тәжірибелік қолдану мәні қандай?